¹ доктор политических наук, ассоциированный профессор Института Сорбонны-Казахстан КазНПУ им. Абая

¹ магистрант I курса, Институт Сорбонна-Казахстан, КазНПУ имени Абая

МИРОТВОРЧЕСТВО КАК ФАКТОР ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ

Аннотация

В обеспечении международной безопасности миротворческая деятельность остается важным инструментом, и страны Центральной Азии постепенно усиливают своё участие в миротворческих миссиях. Данная статья посвящена выявлению уровня вовлечённости государств Центральной Азии в миссиях по мирному урегулированию в контексте их внешнеполитических стратегий. Целью исследования является анализ факторов, влияющих на уровень вовлечённости, и сравниваются миротворческие усилия стран Центральной Азии с усилиями государств Юго-Восточной Азии и Африки. Наконец, в нем обсуждается потенциал стран Центральной Азии в сфере миротворчества. Основные направления работы состоят из исследования нормативно-правовой базы, институциональных механизмов, а также политических и экономических мотивов стран для участия в миротворческих миссиях. Научная значимость работы заключается в систематизации знаний о миротворческой деятельности в целом, что позволяет адаптировать международный опыт в соответствии с реалиями Центральной Азии и определить закономерности и тенденции её развития в регионе. Практическая значимость исследования состоит в предоставлении рекомендаций, которые были выявлены в ходе исследования опыта миротворческой деятельности государств других регионов, что может быть полезным для дальнейшего расширения миротворческого потенциала Центральной Азии. Методология исследования основана на сравнительном анализе, включающем изучение официальных документов, положивших начало миротворческой деятельности в Африканском Союзе, данных международных организаций,

позволяющих сравнить количество миротворцев выделяемые странами участниками АСЕАН на миротворческие миссии ООН. Изучение миротворческой деятельности других регионов, обладающих более значительным практическим опытом в этой сфере, демонстрирует, что уровень участия государств в миротворческих миссиях варьируется в зависимости от различных факторов такие как международные обязательства и политическая воля глав государств. Таким образом, в ходе исследование было выявлено общие черты и различия в подходах к миротворческой деятельности. Вклад исследования состоит в раскрытии потенциала стран Центральной Азии в сфере миротворчества, а также в формулировании предложений по повышению их эффективности в данном направлении. Полученные результаты могут быть полезны для исследователей международных отношений, дипломатов и политических аналитиков.

Ключевые слова: миротворческая деятельность, Центральная Азия, международная безопасность, конфликты, внешняя политика.

Kurmangali A.K.¹, Jaukhan Y.M.¹

*¹Doctor of Political Science, Associate Professor, Sorbonne-Kazakhstan Institute, Abai
Kazakh National Pedagogical University*

*¹1st-year Master's student, Sorbonne-Kazakhstan Institute, Abai Kazakh National
Pedagogical University*

PEACEMAKING AS A FACTOR OF FOREIGN POLICY ACTIVITY: INTERNATIONAL EXPERIENCE AND CENTRAL ASIA

Annotation

Peacekeeping remains an important tool in ensuring international security, and Central Asian states are gradually increasing their participation in peacekeeping missions. This article is devoted to identifying the level of involvement of Central Asian states in peacekeeping missions in the context of their foreign policy strategies. The study aims to analyse the factors influencing the level of engagement and compares the peacekeeping efforts of Central Asian countries with those of South-East Asian and African states. Finally, it discusses the peacebuilding potential of Central Asian countries. The main areas of work consist of research on the legal and regulatory framework, institutional arrangements, and the political and economic motivations of countries to engage in peacekeeping missions. The scientific significance of the work lies in the systematisation of knowledge about peacekeeping in general, which makes it possible to adapt international experience to the realities of Central Asia and identify regularities and trends in its development in the region. The practical relevance of the study lies in the recommendations that have been identified in the course of research into the peacekeeping experience of states in other regions, which may be useful for the further expansion of Central Asia's peacekeeping potential. The methodology of the study is based on comparative analysis, including the study of official documents that initiated peacekeeping activities in the African Union and data from international organisations that allow us to compare the number of peacekeepers allocated by ASEAN member states to UN peacekeeping missions. The

study of peacekeeping activities in other regions, which have more practical experience in this area, shows that the level of participation of states in peacekeeping missions varies depending on various factors, such as international obligations and the political will of heads of state. The study has thus identified commonalities and differences in approaches to peacekeeping. The contribution of the study is to reveal the potential of the Central Asian countries in the field of peacekeeping and to formulate proposals to improve their effectiveness in this area. The findings may be useful for researchers of international relations, diplomats and political analysts.

Keywords: Peacekeeping, Central Asia, international security, conflicts, foreign policy.

Қазіргі заманғы халықаралық сын-қатерлер жағдайында бітімгершілік қызмет жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аса маңызды құралы болып отыр. Елеулі геосаяси және экономикалық бағыттардың тоғысқан жерінде орналасқан Орталық Азия халықаралық қатынастарды тұрақтандыру барысында стратегиялық рөл атқарады, бірақ оның мемлекеттерінің бітімгершілік миссияларға қатысу дәрежесі бірыңғай қалпына келмей тұр. Осы тұста қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардағы халықаралық қоғамдастық қатысушыларының бітімгершілік қызметін салыстырмалы талдау жеткілікті зерттелмеген аспект болып табылатынын аңғаруға болады. Қолданыстағы зерттеулердің көпшілігі Қазақстан іспеттес жеке мемлекетті, не болмаса халықаралық бітімгершіліктің жалпы мағынасын қарастырады, аймақтық ерекшеліктер бұл орайда ескерілмей қалуда. Бұл жұмыста аймақ мемлекеттерінің қатысуын салыстыру арқылы және олардың қатысуына әсер ететін халықаралық тәжірибенің негізгі құбылысын анықтау көмегімен осы олқылықтың орнын толтыруға әрекет жасалынады. Зерттеудің өзектілігі бірнеше жағдайларға байланысты. Біріншіден, халықаралық қауіпсіздік жүйесінің жалғасып жатқан түрлену үдерісі бейбітшілікті сақтаудағы жекелеген мемлекеттердің рөлін қайта қарауды талап етеді. Екіншіден, Орталық Азия трансшекаралық қақтығыстардан бастап экстремизм қаупіне дейін бірқатар сын – қатерлерге тап болуда, бұл өңірдегі елдердің бітімгершілікке қатысуын сыртқы саяси жүйесі ғана емес, сонымен қатар ішкі тұрақтылықты нығайту құралы етуде. Үшіншіден, АСЕАН және Африка одағы секілді басқа аймақтардағы бітімгершілік іс-қимылдарының сәтті тәжірибесі, Орталық Азияға бейімделудің пайдалы үлгілерін ұсына алады.

Зерттеу нысаны, халықаралық тәжірибе мен Орталық Азияның өңірлік ерекшеліктерін ескергендегі мемлекеттердің сыртқы саяси қызметіндегі бітімгершілік болып табылады.

Зерттеу пәні, мемлекеттердің бітімгершілік қызметке қатысу деңгейіне ықпал ететін, сондай-ақ ол елдердің қатысудағы институционалдық және саяси құралдарына әсер ететін себептер болып табылады.

Мақаланың мақсаты АСЕАН және Африка одағы сияқты басқа аймақтардың тәжірибесімен салыстыру аясында олардың халықаралық бітімгершілік іс-қимылдарына қатысуына әсер ететін факторларды анықтау негізінде Орталық Азия елдерінің бітімгершілік қызметін талдау болды. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- елдердің бітімгершілік миссияларға қатысуын реттейтін нормативтік-құқықтық базасын талдау;
- мемлекеттердің қатысуына әсер ететін институционалдық жүйелер мен саяси-экономикалық негіздерін зерттеу;

- орталық Азияның бітімгершілік қызметін бейбітшілік орнату шараларына қатысу жағынан тәжірибесі әлдеқайда көп басқа өңірлермен салыстыру;
- орталық Азиядағы мемлекеттердің бітімгершілік әлеуетін күшейту үшін басым бағыттарды анықтау;

Зерттеу гипотезасы. Зерттеу, елдердің бітімгершілік қызметтеріне қатысуы, олардың экономикалық мүмкіндіктеріне ғана байланысты емес деген гипотезаға сүйенеді. Бұл жерде ішкі саяси ерік-жігерде, тиісті институционалдық құрылымдардың болуыда, сондай-ақ жаһандық және аймақтық қауіпсіздік себептерде рөл ойнайды.

Бұл зерттеудің ғылыми маңыздылығы халықаралық тәжірибені Орталық Азияның ерекшелігіне бейімдеуге және оның осы аймақтағы негізгі заңдылықтары мен даму үрдістерін анықтауға мүмкіндік беретін бітімгершілік қызметі туралы білімді, жаһандық ауқымда жүйелеу болып табылады. Жұмыстың тәжірибелік құндылығы Орталық Азияның бітімгершілік әлеуетін одан әрі нығайтуға ықпал ететін басқа аймақтағы мемлекеттердің бітімгершілік тәжірибесін талдауға негізделген ұсынымдарды тұжырымдаумен айқындалады.

Бұл зерттеу сапалық және сандық әдістерді біріктіретін пәнаралық тәсілге негізделген. Бұл жұмыстың арқа сүйеген негізгі зерттеу сұрағы келесідей: бітімгершіліктің халықаралық тәжірибесін Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси рөлін күшейтуге қалай бейімдеуге болады?

Бұл зерттеудің жаңалығы оның пәнаралық көзқарасында жатыр. Бұл зерттеу сапалық және сандық әдістерді біріктіретін пәнаралық тәсілге негізделген. Осы әдістердің көмегімен бірқатар мемлекеттердегі үрдістер мен мәселелерді анықтау үшін басты құжаттар зерттелді. Мақалада БҰҰ-ның ресми есептері талданды, бұл Орталық Азия елдерінің бітімгершілік миссияларға қатысу динамикасын анықтауға мүмкіндік берді. Сандық әдістерге бітімгершілік контингенттердің статистикасын, қаржыландыруын және бітімгершілік күштердің санын талдау кірді. Осы әдістердің үйлесімі арқылы зерттеу бітімгершілік шараларға қатысуға әсер ететін факторларды тереңірек түсінуге мүмкіндік ұсына отырып, саясаткерлер мен зерттеушілерге құнды ақпарат береді.

Сонымен қатар, теориялық білімді кіргізу, бізге таныс аймақты басқа қырынан талдауға мүмкіндік берді. Мысалы, Стейгерге сәйкес (2023) тең емес серіктестер арасындағы қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу серіктестігінде, өзара тиімді ынтымақтастық пен мықты жақтың осалды мәжбүрлеу арасында жіңішке жолақ өтіп жатыр. Бұл Орталық Азия елдерінің, сыртқы ірі ойыншылардың ықпалын сезе отырып, бітімгершілік операцияларына қатысу үшін қандай қиындықтармен қалай күресетініне бірегей көзқарас береді.

Бастапқы дереккөздер: Орталық Азия елдері үкіметтерінің ресми есептері, бағдарламалық құжаттары мен мәлімдемелері, сондай-ақ БҰҰ, ҰҚШҰ және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ) тәріздес халықаралық ұйымдардың деректері. Екінші көздер: Орталық Азияға баса назар аудара отырып, бітімгершілік миссияларға бағытталған ғылыми мақалалар, кітаптар және жағдайлық зерттеулер. Отто және т.б. (2024), Стейгер (2023), Чжао және т. б. (2022) еңбектері бейбітшілікті сақтаудың теориялық контекстін түсіну үшін негізгі жазбалар іспеттес қызмет етеді. Бұдан басқа, Орталық Азия елдерінің бітімгершілікке деген көзқарастарында заңдылықтарды белгілеу үшін

бағдарламалық құжаттарға, баяндамалар мен есептерге талдау жүргізіледі. Бұл геосаяси ықпалы мен ішкі саяси мән-жайдың рөлін зерттеуді қамтиды.

Қауіпсіздік саласындағы халықаралық серіктестіктерді зерттеу айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, ғалымдар қазір халықаралық ұйымдардың рөліне, геосаяси әсерлерге және бітімгершілік қызметті іс жүзінде жүзеге асыруына назар аударуда. Ресурстарды жұмылдыру және тең емес серіктестер арасындағы қарым-қатынас динамикасы соңғы жылдары өздеріне айтарлықтай назар аудартты. Бұл әдебиеттерге шолу бізге таңсық аймақтардағы бітімгершілік іс-әрекеттер қалай жұмыс істейтініне түсінік беретін төрт негізгі мақаланы қарастырады.

БҰҰ-ның бітімгершілік операциялары халықаралық қақтығыстарды шешудің негізгі құралдарының бірі ретінде өз ұстанымын сақтап тұр. Осы орайда, Отто және басқалар (2024) бейбітшілікті сақтау қызметі туралы кеңейтілген мәліметтер жиынтығын қолдана отырып, бітімгершілік қызметтің дәйектілігі мен орындалуын талдайды. Олардың зерттеулері БҰҰ жүргізетін тәртіптердің саны уақыт өте келе артқанын көрсетеді, бірақ бұл ұлғаю күтілгендей жүйелі емес. Айта кету керек, екінші және үшінші буын бітімгершілік миссияларында "қауіпсіздік бәрінен бұрын" тәсілі ерекше атап өтіледі, бұл бастпақы орналастырудан кейін де тұрақтандыруға бағытталған күш-жігерді көрсетеді (Отто және басқалар, 2024: 488-489). Бұл зерттеу бітімгершіліктің қалай дамып жатқандығы туралы сыни түсінік бергенімен, жазабада аймақтық ұйымдардың бұл принциптерді өздерінің қауіпсіздік ынтымақтастығы шеңберінде қалай қолданатыны қарастырылмайды. Дәл осылай, Каплан және басқалар, (2024) БҰҰ-ның бітімгершілік қызметінің қабылдаушы мемлекеттердің сыртқы істеріне әсерін зерттеп, бітімгершілік миссиялардың қабылдаушы елдердегі дипломатияға, институционалдық құрылысқа және саясаттың қалыптасуына әсер ететіндігін көрсетеді. Олар бітімгершілік қызметті үш негізгі бағытқа бөледі: қарым-қатынас орнату, дипломатиялық әлеуетті арттыру және сыртқы саясатты қалыптастыру (Каплан және басқалар, 2024: 644-670). Бұл аспект Орталық Азия елдерінің, атап айтқанда Қазақстанның бітімгершілікті дипломатиялық құрал ретінде қалай пайдаланатынын бағалау кезінде шешуші мәнге ие. Алайда, олардың зерттеулерінің басым бөлігі жанжалдан кейінгі жағдаяттарға бағытталған, ал Орталық Азия ұқсас, саяси тұрақты аймақтардың бітімгершілік қызметіне қосқан үлестері жеткілікті зерттелмеген. Басқа қырынан қарағанда, Чжао және қалғандары (2022) Еуразиядағы геосаяси бәсекелестікті, атап айтқанда Америка Құрама Штаттары, Қытай, Ресей және Еуропалық Одақ іспеттес жаһандық державалардың ықпалының өзгеруін зерттейді. Олардың қорытындылары ЕО-ның Еуразиядағы беделі төмендеп бара жатқанда, Қытайдың геосаяси ықпал ету құралдары өсіп келе жатқанын көрсетеді, бұл аймақтық қауіпсіздік динамикасына айтарлықтай әсер етеді (Чжао және т.б., 2022: 1-2). Зерттеу саяси тұрақты өңірлердегі геосаяси күресті қамтығанымен, аталмыш державалардың аймақтық бітімгершілік саясатын қалыптастырудағы рөлін қарастырмайды. Орталық Азия елдері өздерінің бітімгершілік стратегияларын геосаяси мүдделермен үйлестіре ме, мысалы, олар дипломатиялық ықпал ету тетіктерін алу үшін БҰҰ Қорғаныс министрлігіне қатыса ма, жоқ па, соны түсіну әрі қарай зерттеуді қажет ететін сала болып табылады. Стейгер (2023) мысал ретінде Еуропалық Одақ пен Африка одағының қарым-қатынасын пайдалана отырып, қауіпсіздік серіктестіктері арқылы ресурстарды жұмылдыруды зерттейді. Оның зерттеуі серіктестіктің бірлескен немесе

мәжбүрлі болуына байланысты сыртқы қаржыландыру, алушы ұйымдардың белсенділігін арттыруы немесе шектеуі мүмкін деп мәлімдейді (Стейгер, 2023: 502-503). Зерттеу Африкаға бағытталған болса да, бұл елдердің, әсіресе БҰҰ мен ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты (ҰҚШҰ) ұйымдастыруға қатысты халықаралық қауіпсіздік серіктестіктерін қалай құратынын зерттеу үшін, пайдалы мәтін болып табылады. Алайда, қолданыстағы әдебиеттер Африка мен Орталық Азиядағы бітімгершілік іс-шараларға тікелей салыстырмалы зерттеулер жүргізбейді.

Соңғы оқиғалар аясында, бітімгершілік туралы әдебиеттер көлемі айтарлықтай өсуде, дегенмен олқылықтар әлі де бар. Мысалы, Орталық Азияның бітімгершілік рөліне шектеулі назар аударылуда, көптеген зерттеулер Африкадағы, Еуропадағы және БҰҰ басшылығымен миссияларды талдаса, Орталық Азия мемлекеттерінің жаһандық бітімгершілікке қалай үлес қосатыны туралы жазбалар аз. Қазақстанның БҰҰ-ның бітімгершілік операцияларына қатысуы жақсы құжатталғанымен басқа өңірлік субъектілердің қатысуы жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Бітімгершілік зерттеулердің басым көпшілігі ЕО, Африка одағы және БҰҰ секілді ұйымдарға бағытталған, бірақ олар әртүрлі аймақтардың бітімгершілік күштерін қалай құратынын сирек салыстырады. АСЕАН, Африка одағы және Орталық Азияның бітімгершілік тәсілдерін салыстырмалы зерттеу бағалы ақпарат бере алады. Қатысудың геосаяси түрткілеріне оралсақ, Чжао және басқалар (2022), билік үшін геосаяси күресті талқылайды, соған қарамастан олар бұл күрестің Орталық Азия бітімгерлерінің бітімгершілік қызметке қосқан үлесіне қалай әсер ететінін талдамайды. Оны қандай экономикалық, дипломатиялық ынталандырулар немесе қауіпсіздік себептері анықтайды деген сұрақ, әлі де ашық тұр. Қарастырылған әдебиеттер бітімгершілік миссиялардың динамикасын түсінуде басты іргетасты қамтамасыз етеді, бірақ Орталық Азияның рөліне бағытталған зерттеулерде жетіспеушілік қалады. Бұл зерттеу келесі жолдар арқылы осы салаға өз үлесін қосады:

- орталық Азиядағы бітімгершілік операцияларға қатысуды анықтайтын себептер мен шектеулерді зерттеу;
- аймақтың бітімгершілік тәсілін АСЕАН және Африка одағы тәрізді басқа аймақтармен салыстыру;
- орталық Азия мемлекеттерінің бітімгершілік шешімдеріне геосаяси ықпалдарды талдау;

Осы сауалдарға жауап беру арқылы бұл зерттеу бітімгершілік қызметке қосқан үлесі туралы салыстырмалы түсінікті жақсартады және болашақта жаһандық қауіпсіздік бастамаларына қатысу саясаты туралы түсінік береді.

Нәтижелер және талқылау

Бұл мақалада үш аймақтың бітімгершілік қызметіне, олардың халықаралық бітімгершілік миссияларға қатысуына және осындай бастамаларға қосылуына әсер ететін себептерге талдау жасалды. Бұл үшін, жазушылар мақалада шетелдік бітімгершілік қызметтің тәжірибесін қарастырды. Зерттеу нәтижелері Орталық Азиядағы бітімгершілік қызметі дамудың бастапқы кезеңінде екенін көрсетеді. АСЕАН және Африка одағы құсаған басқа аймақтармен салыстыру барысында, бітімгершілік іс-қимылдарға сәтті қатысу үшін, аймақтық келісім мен институционалдық негіздің маңыздылығы айқындалды.

Орталық Азияның бітімгершілік жолындағы маңызды кезеңдерінің бірі 1992 жылы аймақтағы барлық бес мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) кіруі болды. Бірақ осы

елдер арасынан, Қазақстанның бітімгершілікке деген ұстанымын оның тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап байқауға болады. Жаңа тәуелсіз мемлекет бола отырып, Қазақстан көптеген мәселелерге тап болды және өзінің дамуы үшін тұрақтылықтың маңыздылығын түсіне отырып, мемлекет, көпжақтылыққа, араласпауға және дауларды бейбіт жолмен шешуге ерекше назар аударылған сыртқы саясатты қабылдады. Осы орайда, 2000-шы жылдардың басынан бастап бұл елдің халықаралық бітімгершілік операцияларға белсенді қатысатынын аңғаруға болады. 2000 жылы қазақстандық бітімгершілік батальоны (Қазбат) құрылды, ол содан бері БҰҰ-ның Ирак, Непал және Батыс Сахарада орын алған түрлі тапсырмаларына жұмылдырылды. Қазақстан сондай-ақ БҰҰ-ның Уақытша Күштеріне Ливанда (БҰҰУКЛ) және БҰҰ-ның Оңтүстік Судандағы Миссиясына (БҰҰОСМ) өз үлесін қосты. Алайда, барлық ел тәріздес Қазақстан да өзінің ұлттық мүдделерін көздейді, осылайша, бітімгершілік саласына күш-жігерін жұмсай отырып, ел аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді, халықаралық бедел мен өзінің дипломатиялық беделін арттырады. Онымен қоса, сыртқы саяси мақсаттарын жүзеге асыра отырып, ел өзінің бітімгершілерін жер шарындағы дау-жанжал ошақтарына жіберу арқылы, әскери тәжірибесін ұлғайтады. Осылайша, 2014 жылы Қазақстан бітімгершілік қызметі туралы заң қабылдап, оның халықаралық бітімгершілік күш-жігерге бейілділігін ресми түрде бекітті. Дегенмен, Орталық Азияның басқа елдері Қазақстанға қосылуға асығатын түрі жоқ. Бұл 1948 жылдан 2024 жылғы қарашаға дейінгі кезеңді қамтитын қолда бар жаңартуларға негізделген мәліметтермен байланысты болуы мүмкін. Аталмыш деректерге сәйкес, Орталық Азия елдерінен бітімгершілік миссияларында 4 адам қаза тапқан, үшеуі Тәжікстан елінен болса біреуі Қырғызстан азаматы [1]. Бірақ тіпті осы жағдаятта неге айтылған елдер БҰҰ миссияларына шектеулі қатысатынын толыққанды түсіндірмейді, сондықтан біз осы мақалада басқа факторларды да қарастыратын боламыз.

Қазақстан Қорғаныс министрінің орынбасары Шайх-Хасан Жазықбаев қазақстандық бітімгерлердің БҰҰ-ның Голан биіктеріндегі миссиясына қатысуы және БҰҰ тарапынан төленетін төлем туралы атап өтті: "БҰҰ Қазақстанға бітімгершілік миссиясына қатысқаны үшін жылына 5 миллион доллар төлейді. Оның 2,4 млн доллары жеке құрамға, ал 2,6 млн доллары – техника мен мүлікті жалға алуға жұмсалады. Әр бітімгерге айына 1 448 доллар мөлшерлеме беріледі. Бұл қаражат республикалық бюджетке түседі", бұған қарамастан Орталық Азияның басқа елдері бітімгершілік бастамаларға қатысуы шектеулі [2]. Жағдайды саяси, әскери және стратегиялық факторлармен байланыстыруға болады. Егер Түрікменстандағы ахуал БҰҰ-да 1995 жылы мойындалған, елдің әскери ұйымдарға мүше болуына тыйым салатын саяси бейтараптықпен түсіндірілсе, Қырғызстан мен Тәжікстанның қарулы күштері саны мен мүмкіндіктері шектеулі және ішкі тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Енді Қазақстанның аймақтағы ең ірі сауда серіктесі Өзбекстанға тоқталсақ, әскери қауқары жайлы News & World Report зерттеуінің нәтижелері бойынша Қазақстан 87 елдің арасында 19-шы орынға, ал Өзбекстан 18-ші орынға жайғасқан [3]. Дегенмен, басылымның өзіне сәйкес, бұл нәтижелерді жүз пайыз рас деп қабылдауға болмайды, "бұл жаһандық сауалнамадағы респонденттердің пікірі". Үздік елдердің көрсеткіші әлемнің түкпір-түкпірінен 17 мыңға жуық адам қатысқан жаһандық сауалнама негізінде жасалған. Қатысушылар зерттеушілер ұсынған 73 сипаттаманың қайсысы белгілі бір елмен байланысты екенін таңдау арқылы бағаланған, кейін баллдық жүйе негізінде мемлекеттердің қорытынды

дәрежесі есептелді. Алайда, Өзбекстанның әскери аспектісіне қатысты деректер ашық көздерде жоқ, бірақ әртүрлі мәліметтерге сәйкес, 2023 жылы елдің әскер саны 48 мыңнан 68 мыңға дейін, бұл оны аймақтың ықпалы жоғары мемлекеттердің біріне айналдырады. Бірақ басқа тұстан қарасақ, Өзбекстан оқшауланған сыртқы саясатты жүргізуде, әсіресе бұрынғы президент Ислам Каримовтың тұсында бұл анық байқалды. Өзбекстанның мұндай саясаты халықаралық ұйымдармен шектеулі өзара іс-қимылда, шектеуші ішкі заңдарда және өңірлік ынтымақтастыққа сескеншектікпен қарауда көрініс тапты. Қазіргі президент Шавкат Мирзиёев аймақтық ынтымақтастықты кеңейтуге бет бұрғанымен, Өзбекстанның бітімгершілік қызметке қатысуы шектеулі әлі де шектеулі болып тұр. Ел сыртқы соғыс қимылдарына емес, ішкі тұрақтылық пен экономикалық дамуға назар аударды. Қалай болғанда да, Орталық Азиядағы өзге елдерде де бітімгершілікке қатысу мүмкіндігін шектейтін қиындықтар аз емес. Мысалы, қаржы мәселесі кейбір елдер үшін кедергі болып қалуда. БҰҰ шығындардың көп бөлігін мойнына алса да, жыл сайынғы жаттығулар, формалар және тиісті кадрларды ұйымның белгілеген нормалары бойынша даярлау қажеттілігінен ешкім бастартпады. Тәжікстан аймақтағы ең төменгі жалпы ішкі өнім деңгейін ие, оған қоса елдің қарулы күштері шағын, және шекаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

1-суретте Стокгольм халықаралық бейбітшілікті зерттеу институтының (SIPRI) деректері негізінде 2023 жылғы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдерінің қорғаныс шығындары салыстырылды [4].



Сурет 1 – 2023 жылы Орталық Азия елдерінің қорғаныс шығындары

Ескерту – Стокгольм халықаралық бейбітшілікті зерттеу институтының (SIPRI) деректері арқылы

Қолжетімді дереккөздерде Өзбекстан мен Түрікменстан бойынша сенімді ақпарат жоқ, бірақ өңірде орта есеппен ЖІӨ-нің 1-3% - ы әскери шығындарға жұмсалатынын ескерсек және Өзбекстан 2% бөледі деп есептесек, онда бұл елде әскери қажеттіліктерге арналған қаражат 1,8 миллиард долларды құрайды, ал Түрікменстан ЖІӨ-нің 1% бөлсе - 500 миллион доллар жұмсайды.

Миссияларға қатысу аймақтағы кейбір елдер үшін айтарлықтай шығындармен бірге жүрсе де, қаржылық мәселелер жалғыз артқа тартушы фактор емес. Осыған байланысты біз

кеңестік әскери доктринаның мұрасын есептен шығаруға әлі ерте деп санаймыз — бұл әскери ұстаным өзінің ықпалын білдіруде. Аталмыш доктрина қырғи қабақ соғыс кезінде және 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағанға дейін жұмыс істеді. Жаңа геосаяси шындықтарға бейімделу және жаңғырту жұмыстары басталғанымен, кеңестік әскери дәстүр, өз ықпалын алдағы ондаған жылдарға тигізіп кетті. Осылайша, халықаралық бітімгершілік іс-қимылдарда тәжірибенің болмауы бітімгершілік миссияларға қатысуға одан әрі кедергі келтіреді. Африка немесе Оңтүстік-Шығыс Азия сияқты аймақтардан айырмашылығы, Орталық Азия бейбітшілікті сақтауға күш салу үшін айтарлықтай халықаралық шақыруды кездестірмеді. БҰҰ құрамындағы мемлекеттерді қақтығыстарды реттеу жөніндегі операцияларға белсенді түрде тартады. Әсіресе шиеленістер жиі кездесетін аймақтардағы елдердің қатысуын қамтамасыз ететіні белгілі. Мысалы, Африкада ұйым жергілікті және халықаралық контингенттердің қатысуын талап ететін бітімгершілік миссиялардың едәуір санын орнатты. Солардың бірі БҰҰ-ның Судандағы өтпелі кезеңді қолдау миссиясы (UNITEAMS) ол 2020 жылы елдегі саяси ауысуды, бейбітшілік процесін және адам құқықтарын қорғауды жеңілдету үшін құрылған. Біріккен Ұлттар Ұйымының Конго Демократиялық Республикасындағы тұрақтандыру жөніндегі тағы бір миссиясы (MONUSCO) 2010 жылдан бастап алдыңғы миссияны (MONUC) ауыстырып келеді. Негізгі мақсат-бейбіт тұрғындарды қорғау және елдегі жағдайды тұрақтандыруда үкіметті қолдау болып табылады. Орталық Азияда Африкамен салыстырмалы тұстан қарағанда әжептәуір тұрақты жағдай қалпытасқан. Осы жағдайда халықаралық ұйымдар бұл аймақты бітімгерлердің маңызды жеткізушісі ретінде қарастырмайды. Орталық Азия елдерінде кейінге қалдыруға келмейтін басқа да міндеттер бар және тиісінше бейбітшілікті қолдауға уақыт жоқ. Мысалы Өзбекстан, көршілерімен қарым-қатынасты жақсартуға және өз экономикасын нығайту үшін шетелдік инвестицияларды тартуға баса назар аударуда. Түрікменстан өзінің энергетикалық секторын дамытуға және экспорттық бағыттарды әртараптандыруға басымдық береді. Ал еңбек көші-қонына көп тәуелді Тәжікстан мен Қырғызстан экономикалық тұрақтылықты орнатып, кедейлікті азайтуға бет бұрды. Осылайша бейбітшілік тапсырмаларына көңіл бөлуге аз күш жұмсалуда. Аймақтық қауіпсіздікке тікелей төніп тұрған қауіп жоқ екендігі бітімгершілік миссияларға қатысудың өзектілігін одан әрі төмен тәріздес көрсетеді.

Орталық Азиядағы бітімгершілік қызметтің динамикасын жақсы түсіну үшін, өңірді ұқсас геосаяси және қауіпсіздік мәселелеріне тап болған басқа аймақтармен салыстыру оңтайлы шешім табуға атсалысады. Екі тиісті мысал ретінде Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы (АСЕАН) және Африка одағы (АС) қарастырылатын болады. Үшеуінің де қалыптасқан географиялық жағдайлары ұқсас, оған қоса барлығы да экономикалық және саяси ынтымақтастыққа ұмтылады. Мемлекетаралық келіспеушіліктерді ескерсек, тұрақтылық мәселелері барлық аймақтар үшін де маңызды. Алайда Орталық Азиядағы интеграция процесі ынтымақтастықты жандандыру үшін өзекті болып қалуда. Дегенмен, аймақта ЕЭО және Орталық Азия бестігі шеңберіндегі бейресми өзара іс-қимыл іспеттес ынтымақтастық форматтары бар, бірақ олар АСЕАН немесе АС секілді институттандырылмаған. Бұл жерде ескере кететін тағы бір айырмашылық, Орталық Азияда өңірдің барлық елдері арасындағы ынтымақтастықтың саяси және экономикалық аспектілерін жан-жақты үйлестіруді қамтамасыз ететін бірыңғай өңірлік құрылым әлі қалыптаса қоймады.

Басқа аймақтарды қарастыра келе Оңтүстік-Шығыс Азия қауымдастығы бітімгершілікке қалай сәтті қол жеткізгенін түсінуге болады. Сабахтағы Малайзия мен Филиппин арасындағы тарихи аумақтық дауларға қарамастан, АСЕАН дипломатиялық диалогтың сақталуына ықпал етті, бұл үлкен шиеленісті болдырмауға көмектесті. Сонымен қатар, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы достық және ынтымақтастық туралы келісім 1976 жылы қол қойылып, аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудың негізгі құралына айналды. Шарт қатысушы елдерді дауларды бейбіт жолмен шешуге және бір-бірінің егемендігін құрметтеуге міндеттеді. Осының арқасында АСЕАН өзін аймақтық ынтымақтастықтың, соның ішінде бейбітшілікті сақтау саласындағы модель ретінде көрсетті. АСЕАН-ның өзінде тұрақты бітімгершілік күштері болмаса да, оның Индонезия, Малайзия және Таиланд сияқты құрамындағы бірнеше мемлекеттер БҰҰ-ның бітімгершілік миссияларына белсенді қатысады. Бұл елдер Африкада, Таяу Шығыста және Азияның басқа бөліктерінде миссияларға қатысу үшін әскерлер береді. Атап айтқанда, 2024 жылғы мәліметтер бойынша, Индонезия 2735 бітімгершілер жіберіп БҰҰ бітімгершілік операцияларына қатысушы елдер арасында бесінші орынға ие болды, Малайзия 25—ші орында болса (878 адам), Таиланд 45—ші (290 адам), ал Вьетнам 38—ші (275 адам), Филиппин болса 70—ші орында болған (34 адам) [5]. 2022 жылы АСЕАН-ның бес елінің әскери контингенттері БҰҰ-ның сол кездегі он екі бітімгершілік миссиясының алтауына қатысулы болған. АСЕАН-ның бейбітшілікті сақтау саласындағы күш-жігерінің сәттілігіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі оның мүше мемлекеттер арасындағы аймақтық бірегейлік пен ынтымақтастық сезімінде. Бұл бейбітшілікті сақтауды қоса алғанда, қауіпсіздік мәселелеріндегі ынтымақтастыққа ықпал етеді. Осы секілді аймақтық келісім АСЕАН-ға бейтараптықты сақтауға мүмкіндіп беріп қана қоймай, сыртқы ойыншылардың қауіпсіздік құрылымдарына қосылу арқылы алпауыт державалардың саясатын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді (Йошимацу, 2022). Өңірде мемлекеттер арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететін АФТА АСЕАН және еркін сауда аймағы АЕС АСЕАН экономикалық қауымдастығы бар. Аймақ елдері көбінесе өздерінің өңірлерінің мүдделерін қорғай отырып, халықаралық аренада бір бағытта әрекет етеді. Мысалы, оңтүстік Қытай теңізіндегі дағдарыс кезінде АСЕАН елдері Қытай мен басқа да сыртқы ойыншылардың қысымына қарамастан өз ұстанымдарын қорғай алды. Алайда, аймақтағы елдер Америка Құрама Штаттары, Жапония және Еуропалық Одақ тәріздес сыртқы серіктестер қолдайтын әлеуетті арттыру бағдарламаларынан (capacity-building) айтарлықтай пайда көргенін ескерген жөн. Бұл бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау бастамалары аясында олардың институционалдық қауқарын нығайтуға көмектесті. АҚШ-тың бітімгершілік операцияларды қолдау бағдарламасы (Global Peace operations Initiative, GRI) 2004 жылы іске қосылып содан бері бір миллиард доллардан астам қаражат жұмсаған. Негізгі мақсат БҰҰ қызметіне қатысу үшін АСЕАН елдерінің бітімгершілік күштерін оқыту және жабдықтау болды, сондай-ақ осы бағдарлама аясында Малайзия мен Индонезияда он мыңнан астам бітімгершілерді оқытатын оқу орталықтары құрылды [6]. 2024 жылы Байден әкімшілігі Оңтүстік-Шығыс Азия елдері үшін 1,2 миллиард доллар сұраған, ал қосымша 90 миллион тек аймақтағы институттарды нығайтуға бөлінген [7]. Оңтүстік-Шығыс Азияға қомақты ақша бөлінетінін мойындай отырып, аймақтың бітімгершілік саласындағы табыстың басты себебі тек қаражатта емес деп санаймыз. Өңірлік бірегейлік сезімі АСЕАН-ның бітімгершілік жетістігінің себебі болып табылады. Осылайша, Оңтүстік-Шығыс Азиядан айырмашылығы,

Орталық Азияда аймақтық бірегейлік сезімі аса байқалмайды және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық үшін институционалдық негізді арттыру бойынша ұқсас бағдарламалардың болмауы бұл жағдаятты тудырушы емес, оның салдары болып табылады. Толиповтың (2024) пікірінше, бұл жерде қауіпсіздік «бөлінеді», себебі өңір елдерінің геосаяси бағыттары әртүрлі. Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан ҰҚШҰ-ға қатысса, Өзбекстан ұйымнан шыққан, ал Түрікменстан бейтараптықты ұстануда. Сонымен қатар, ҰҚШҰ, ШЫҰ, ЕО және ЕҚЫҰ іспеттес көптеген ұйымдардың болуы бірыңғай стратегияны жасауға ықпал етпейді, өйткені олардың қауіпсіздік тәсілдері көп сәйкес келе бермейді. Оның үстіне, аймақ елдері көбінесе тарихи бәсекелестікпен, этникалық шиеленіспен және сыртқы саяси талаптас бағдарлармен бөлінеді. Бұл фрагментация дәстүрі бүгінгі күнге дейін сақталып келетіндей: аймақ елдері қауіпсіздік саласындағы тиімді ынтымақтастыққа кедергі келтіретін әртүрлі сыртқы саясатты ұстанады. Аймақтағы елдер арасында үстемдік ету үшін бәсекелестік бар бұл тарихтан келе жатырған дау екендігі мәселені одан сайын ушықтырады. Ресей Еуропадан Азияға дейін біртұтас экономикалық және саяси кеңістік құруға ұмтылып, батыстық интеграциялық жобаларға балама ретінде "үлкен Еуразия" тұжырымдамасын алға тартады (Глейзер мен Томанн, 2021). Алайда, бұл идея Орталық Азияда қарсылыққа тап болуда, мысалы, Қазақстан мен Өзбекстан басқа ірі мемлекеттермен байланысты дамыта отырып, стратегиялық автономияны сақтауға тырысып бағуда. Қазақстан түрлі серіктестермен экономикалық байланыстарды нығайтуға ұмтыла отырып, көпвекторлы сыртқы саясатты дәйекті түрде іске асыруда. Дегенмен, дәстүрлі көлік маршруттарына тәуелділік, әртараптандыру стратегиясын жүзеге асыруға әсер ететін маңызды фактор болып тұр. Қазіргі жағдайларды көре отырып, Орталық Азияның біртіндеп геосаяси бәсекелестік аренасына айналып бара жатқандығын байқауымызға болады, бұл бірыңғай аймақтық қауіпсіздік жүйесін құруға көмек болмайтыны айдан анық.

Қаржылық мәселелер және мүше елдердің саяси келіспеушіліктері сияқты көптеген қиындықтарға қарамастан Африка одағы (АО) бітімгершілік қызметінде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Дегенмен, АО-на мүше елдердің мүдделері көбінесе әртүрлі, бұл бейбіт мәселелер бойынша консенсусқа қол жеткізуге теріс әсер етеді. Эфиопия мен Эритрея арасындағы 20 жылдан кейін ғана шешілген қақтығыс бұған дәлел. Эритрея Президенті Эфиопиямен 2018 жылы бейбітшілік келісіміне қол қойып, ара-қатынасты қалыпқа келтіруге ықпал еткенімен, Эритрея одаққа тек 2023 жылы оралды. Бұл қақтығыс оң нәтиже бермесе де, АО бітімгершілік күшіне негіз қалап, 2002 жылы Бейбітшілік және Қауіпсіздік Кеңесін құру туралы хаттамаға қол қойды. Одан кейін 2003 жылы Мозамбиктің Мапуту қаласында өткен АО саммитінде қабылданған Африка резервтік күштерін (АРК) құру туралы шешім қабылданды. Алайда, қаржылық, техникалық және ұйымдастырушылық қиындықтарға байланысты процесс ұзаққа созылып АРК ресми түрде жеті жылдан кейін, яғни 2010 жылы құрылды. Бұл жағдай саяси ерік-жігердің болмауына да байланысты орын алды деп санауға болады. Яғни кейбір елдер өздерінің ұлттық қарулы күштерін әлсіретіп аламыз деп қорқып, АРК-ға әскерлер мен ресурстарды жіберуге дайын болмады. Осындай үрдістерді Орталық Азияда да байқауға болады. ҰҚШҰ мен ШЫҰ аясындағы ынтымақтастыққа қарамастан, өңірдегі елдер негізінен өз мүдделерін қорғауға бағдарланған, бұл әртүрлі ал кейде тіпті бір-біріне қайшы келетін сыртқы саяси стратегияларға алып келетіні байқалады. Бұл тұрғыда бітімгершіліктің өңірлік әдістерін дамыту мәселесі ашық күйінде қалып отыр.

Өткен жылдардағы оқиғаларды зерттей отырып, төтенше күштердің құрылу себебін және осы күштерді құру процесін бастаған Оңтүстік Африка Республикасы не көздегенін түсінуге болады. Әрине, Оңтүстік Африканың бұл бастамасы экономикалық мүдделерсіз болмаса да, аймақтық көшбасшылық пен құрлықтың негізгі интеграторы мәртебесіне қатысты идеологиялық ұстанымдар да өз рөлін атқарды. Мысалы, оңтүстік африканың көшбасшысы Табо Мбеки ішкі мәселелерді шешуде континенттің тәуелсіздігін, яғни сыртқы күштерге тәуелділікті төмендетуге деген ұмтылысты білдіретін "африкалық жаңғыру" тұжырымдамасын алға тартты. Сыртқы ойыншыларға аз тәуелді болу идеясы 1994 жылдан бастау алады, ол уақытта Руандадағы геноцид кезінде халықаралық қауымдастық жаппай кісі өлтіруге тосқауыл бола алмады. БҰҰ-ның Руандадағы миссиясының қолбасшысы генерал Ромео Даллэр "миллиондаған адамдар үйлерінен қуылды, мүгедек болды және өлтірілді, біз тек 30 000 адамды құтқара алдық. Бірақ маған оларды да тастауға бұйрық берілді. Бұйрық БҰҰ-на кіретін барлық елдердің еркін білдіретін Қауіпсіздік кеңесінен келді. Яғни бұл халықаралық қауымдастықтың шешімі болды және ешкім тіпті наразылық білдіруге тырыспады" деді [8]. Геноцид кезінде халықаралық қауымдастықтың немесе Африканың өзі шешуші әрекет ете алмауы өздерінің бітімгершілік күштерін құруға орасан зор серпін берді. Алайда, бітімгершілік жолында АО елдері аймақтағы күрделі қақтығыстармен күресу қажеттілігіне тап болды. Африкадағы келіспеушіліктердің көпшілігі созылмалы әрі этникалық, діни және экономикалық қайшылықтармен шиеленіскен, бұл оларды шешуді өте қиын етеді. Мәселен, 2007 жылдан 2022 жылға дейін жұмыс істеген Африка одағының AMISOM (African Union mission in Somalia) миссиясы елдегі тұрақтандыруда шешуші рөл атқарды, "Аш-Шабааб" террористік тобының ықпалын әлсіретті, бірақ мыңнан астам бітімгершілер қаза тапты. БҰҰ-ның бұрынғы бас хатшысы Пан Ги Мун Сомали басшылығын Сомалидегі БҰҰ қызметкерлерін AMISOM-мен тығыз байланыста қорғауға шақырды, бұл аймақтағы жағдайдың халі ауыр болғанына дәлел. Аталмыш миссия 2022 жылы аяқталғанымен, БҰҰ-ның басқа да қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу тапсырмалары бүкіл әлемде жұмыстарын атқаруда. Төмендегі 2-сурет БҰҰ мәліметтері бойынша құрастырылған, онда 11 белсенді бітімгершілік миссиялар көрсетілген [9].



2-сурет - БҰҰ-ның 2025 жылғы белсенді бітімгершілік миссиялары
Ескерту – БҰҰ ресми деректері бойынша

"Аш-Шабааб" әлі күнге дейін өзінің идеологиясын насихаттау және жаңа мүшелерді тарту үшін бұқаралық ақпарат құралдарын белсенді қолданады. Террористік топ өзінің медиа қызметін радиостанциялар мен журналдарды қолданудан бастап уақыт өте келе әлеуметтік медиада насихаттау сияқты заманауи байланыс түрлеріне көшкен (Grobbeelaar, 2022).

Шет елден бөлінетін қаржыларды есептемегенде Африка одағының жетістігінің тағы бір себебі мүше мемлекеттерінің қауіпсіздік мәселелерін ұжыммен шешуге деген берік саяси жігерінде. Бұл, құрлықтың бір бөлігіндегі тұрақсыздықтың көрші елдер үшін жанама салдары болуы мүмкін екенін түсіну арқылы мүмкін болды. Ал Орталық Азия елдері тиісті ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерге емес, терроризм, экстремизм және шекаралық даулар секілді ішкі қауіпсіздік мәселелеріне көбірек көңіл аударуда. Әрине, әр ел өз мүддесі үшін әрекет етеді. Алайда, Африка одағының мысалынан байқағанымыздай, көбіне бір нәрсе жасауға талпыныс жағдай қайтымсыз сипат алғаннан кейін ғана басталады. Қазіргі кезде, Орталық Азия елдерін бітімгершілік жұмыстарға белсенді қатысуға итермелейтін бірнеше факторлар бар. Атап айтқанда, көршілес аймақтардағы тұрақсыздық трансшекаралық қылмыс пен көші-қон ағындарын қоса алғанда, қауіпсіздік саласындағы ықтимал сын-қатерлерге қатысты аландаушылық туғызады. Бұл тұрғыда, бітімгершілік, аталмыш мәселелерді шешудің таптырмас механизмі ретінде қарастырылғаны жөн. Бітімгершілік миссияларға қатыса отырып, Орталық Азия елдері терроризмге қарсы күресте, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және жанжалдарды шешуде құнды тәжірибе жинақтай алар еді.

Бұл олардың ішкі қауіпсіздік қатерлеріне жауап беру қабілетін арттырып, аймақтық тұрақтылыққа жақсы әсерін беруі мүмкін.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық үшін өңірлік институционалдық негіз құру Орталық Азияның бітімгершілік қызметке қатысуын едәуір кеңейте алар еді. Мұндай ынтымақтастықтың әлеуетті платформаларының бірі Қытай, Ресей және Орталық Азияның бірнеше елдерін қамтитын Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) болып табылады. ШЫҰ қазірдің өзінде Аймақтық терроризмге қарсы құрылымды (РАТС) құрды және оның мандатын бітімгершілік қызметке қосу үшін кеңейтуге мүмкіндігі бар. Алайда, бітімгершілік қызметке қатысу туралы шешім көбінесе Орталық Азия көшбасшыларының саяси ерік-жігеріне және олардың ішкі және сыртқы кедергілерді еңсеру қабілетіне байланысты болады. Әлем өзара байланысып қатынастар шиеленісе түскен сайын, қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту құралы ретінде бітімгершіліктің құндылығы арта түседі. Орталық Азияның осы салада белсенді рөл атқару мүмкіндігі бар, бірақ бұл аймақтық және халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары мен міндеттемелерін өзгертуді талап етеді. Бүгінгі таңда, Орталық Азияда ірі державалардың болуы аймақтық тұрақтылыққа мүмкіндіктермен қоса қауіп төндіретінін ескерсек, экономика мен қауіпсіздік мәселелері аса өзекті болып табылады (Аббаси Гади және басқалар, 2022). Бітімгершілік мақсатына жету үшін өңір елдері басқа халықаралық ұйымдардың тәжірибесін игере алады. Мысалы, Африка одағы дағдарыстарға жедел ден қою үшін АРК жедел әрекет ету күштерін бастау арқылы қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу құралдарын ойдағыдай дамытуда. Орталық Азия елдері осындай бағдарламаларға бірлескен бітімгершілік құру, инфрақұрылымды әзірлеу және жергілікті кадрларды даярлау сияқты бітімгершіліктің гуманитарлық аспектілерінің көмегімен бастау сала алады. БҰҰ-мен белсенді қарым-қатынас, оның бітімгершілік операцияларына қатысу және мамандандырылған агенттіктердің тәжірибесін пайдалану да маңызды қадам болар еді. Бұл өңірдің халықаралық беделін арттырып қана қоймай, Орталық Азия елдеріне озық әдістер мен ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік берер еді. Осылайша, тиімді өңірлік бітімгершілік құрылымды қалыптастыру халықаралық тәжірибеге, көшбасшылардың саяси еркіне және жаһандық институттармен ынтымақтастықты кеңейтуге негізделген кешенді тәсілді талап етеді.

Мақаланың мақсаты АСЕАН және Африка одағы іспеттес басқа аймақтардың тәжірибесімен салыстыру аясында олардың халықаралық бітімгершілік іс-қимылдарына қатысуына әсер ететін факторларды анықтау негізінде Орталық Азия елдерінің бітімгершілік қызметін талдау болды. Зерттеу барысында өңір мемлекеттерінің бітімгершілік қызметке қатысуын айқындайтын негізгі аспектілер анықталды: басшылықтың саяси еркі, нормативтік-құқықтық базаның болуы, институционалдық мүмкіндіктер мен экономикалық мүдделер. АСЕАН және Африка одағының аймақтарымен салыстыру көрсеткендей, бірқатар ұқсастықтарға қарамастан, Орталық Азия елдері геосаяси тәуекелдер мен ресурстардың шектеулерін қоса алғанда, ерекше қиындықтарға тап болуда. Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі Орталық Азия елдерінің бітімгершілік қызметке деген көзқарастарындағы елеулі айырмашылықтарды анықтау болды. Қазақстан БҰҰ миссияларына қатыса отырып, белсенді ұстанымын көрсетуде, бұл оның көпвекторлы сыртқы саясатымен, халықаралық беделін нығайтуға және әскери даярлық деңгейін арттыруға ұмтылысымен түсіндіріледі. Ал, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түрікменстан секілді аймақтың басқа елдері бітімгершілік миссияларға

қатысу бойынша өз ұстанымдарын қалыптастыру кезінде саяси, әскери және стратегиялық факторларды ескереді. Аймақ елдерінің бітімгершілік миссияларға қатысуының маңызды шектеулері бірқатар факторларға байланысты. Біріншіден, Орталық Азияда қауіпсіздік саласындағы өңірлік саясат одан әрі дамуды талап етеді, бұл бітімгершілік бастамаларға ұжымдық қатысу мүмкіндігін шектейді. Өзінің қатысушы елдерінің ынтымақтастығын белсенді үйлестіретін АСЕАН-дан айырмашылығы, Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастық фрагменттік сипатқа ие, онда мемлекеттер әртүрлі сыртқы саяси бағдарларды ұстанады. Екіншіден, негізгі тежеуші фактор әскери ресурстардың шектелуі және бітімгершілік қызметті қаржыландыру болып табылады. БҰҰ қатысушы елдердің шығындарының бір бөлігін өтейтініне қарамастан, бітімгерлерді даярлау, техникалық жарактандыру және логистика өңірдің барлық мемлекеттері көтере алмайтын қомақты инвестицияларды талап етеді. Мысалы, Қырғызстан мен Тәжікстан ішкі қауіпсіздік мәселелеріне назар аударады және халықаралық миссияларға белсенді қатысу үшін жеткілікті мүмкіндіктерге ие емес. Қазіргі проблемаларды шешу үшін әскери кадрларды даярлауға және бітімгершілік контингенттерді техникалық жарактандыруға ықпал ететін экономикалық базаны дамыту талап етіледі. Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды аспект-геосаяси факторлардың аймақ елдерінің шешім қабылдауына әсері. Ресей, Қытай, АҚШ және ЕО сияқты ойыншылардың болуы Орталық Азия елдерінің стратегиялық басымдықтарын қалыптастырады, бұл олардың бітімгершілік қызметіне де әсер етеді. Атап айтқанда, Қазақстан бітімгершілік миссияларға қатысуды өзінің халықаралық беделін нығайту және Батыс әріптестерімен ынтымақтастықты кеңейту құралы ретінде қарастырады, ал Түркіменстан сыртқы саяси міндеттемелерден алшақтауды жөн көреді. Өзбекстан өз кезегінде қауіпсіздік саласындағы екіжақты ынтымақтастыққа бағытталған сыртқы саясатты жүргізеді, алайда оның бітімгершілік бастамаларға қатысуы шектеулі болып қала береді. Аймақтағы бітімгершілік қызметті дамыту перспективаларын талдай отырып, бірнеше мүмкін бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Орталық Азия бітімгершілік қызметке неғұрлым белсенді қатысу үшін елеулі әлеуетке ие, алайда оны іске асыру үшін басымдықтарды өзгерту және өңірлік ынтымақтастықты нығайту қажет. АСЕАН және Африка одағы сияқты басқа аймақтардың тәжірибесі бітімгершіліктің жетістігі күшті аймақтық сәйкестіктің, институционалдық негіздің және сыртқы серіктестердің қолдауының болуына байланысты екенін көрсетеді. Атап айтқанда, АСЕАН аймақтық ынтымақтастықтың дамыған жүйесі мен АҚШ, Жапония және ЕО сияқты елдердің қолдауының арқасында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Африка одағы қаржылық және саяси қиындықтарға қарамастан Африка резервтік күштерін (ТЖК) құрды, бұл оған континенттегі дағдарыстарға тиімді жауап беруге мүмкіндік берді. Осы саладағы одан әрі зерттеулер Орталық Азия елдерін жаһандық бітімгершілік жүйесіне интеграциялаудың нақты тетіктерін зерделеуге, бітімгершілік миссияларды қаржыландырудың әлеуетті модельдерін талдауға бағытталуы мүмкін. Өңірлік ынтымақтастықты дамыту, бітімгершілік құрылымдарды институционалдық нығайту және халықаралық ұйымдармен белсенді өзара іс-қимыл халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өңір елдерінің рөлін арттыруға ықпал ететін негізгі факторлар болуы мүмкін. Бітімгершілік миссияларға қатысу өңір елдерінің халықаралық беделін арттырып қана қоймай, оларға терроризмге қарсы күресте, шекаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және жанжалдарды шешуде құнды тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде аймақта

да, одан тыс жерлерде де тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді. Өсіп келе жатқан геосаяси бәсекелестік пен қауіпсіздіктің жаңа сын-тегеуріндері жағдайында бітімгершілік Орталық Азиядағы ынтымақтастықты нығайту және жанжалдардың алдын алу үшін маңызды құрал бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Fatalities statistics by nationality and mission. United Nations Peacekeeping. URL: <https://peacekeeping.un.org/en/fatalities>.
2. БҰҰ-ның Голландия жоталарындағы миссиясына қатысқан қазақстандық бітімгерлер қанша жалақы алады. Tengrinews.kz. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-poluchayut-kazahstanskije-mirotvortsyi-uchastie-missii-562346/.
3. These Countries Have the Strongest Militaries. U.S. News & World Report. URL: <https://www.usnews.com/news/best-countries/rankings/strong-military>.
4. SIPRI Military Expenditure Database. Stockholm International Peace Research Institute. URL: <https://www.sipri.org/databases/milex>.
5. Troop and police contributors. United Nations Peacekeeping. URL: <https://peacekeeping.un.org/en/troop-and-police-contributors> (Дата обращения: 22.02.2025).
6. Global Peace Operations Initiative (GPOI). U.S. Department of State. URL: <https://2009-2017.state.gov/t/pm/ppa/gpoi/index.htm>.
U.S.-ASEAN Comprehensive Strategic Partnership, One Year On. U.S. Embassy in Indonesia. URL: <https://id.usembassy.gov/fact-sheet-u-s-asean-comprehensive-strategic-partnership-one-year-on/>.
7. Руандадағы тутсыларға қарсы геноцидке 25 жыл: бұл қалай болды. United Nations.
8. Аймақтар бойынша БҰҰ-ның бітімгершілік операциялары. United Nations.
9. Bokeria, S. A. (2022). БҰҰ мен АС-тың бітімгершілік саласындағы әріптестігі: үрдістер мен мәселелер. Халықаралық ұйымдар бюллетені, 17 (2), 189–207.
10. Caplan, R., Gledhill, J., & Meiske, M. (2024). БҰҰ-ның бітімгершілік операцияларының қабылдаушы елдердің сыртқы саясатына әсерін зерттеу.
11. Glaser, M. (Kukartseva), & Thomann, P. E. (2022). “Ұлы Еуразия” тұжырымдамасы: Ресейдің “Шығысқа бұрылуы” және оның Еуропалық Одаққа геосаяси тұрғыдан әсері.
12. Grobbelaar, A. (2023). Африкадағы БАҚ және терроризм: Аш-Шабаттың радикалды топтан медиа ойыншысына айналуы.
13. Otto, S., Kube, F., & Smidt, H. (2024). Бітімгершілікке орналастыру кезінде БҰҰ-ның бітімгершілік қызметі: теория мен тәжірибедегі әрекеттер.
